

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың үндеуі

2026 жылғы 23 наурыз

### Қымбатты отандастар!

Бүгін «Тазару күніне» орай еліміздің әр түкпірінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасының жаңа кезеңіне жол ашатын ауқымды экологиялық акция басталды. Бұл – Наурызнама онкүндігінде айрықша орын алатын күн. Қоғамымыздың жаңғыруы күллі табиғаттың жаңаруымен тұспа-тұс келіп отыр. Уақыт пен іргелі өзгерістердің осылай үндесуі баршамызға Отанымыздың игілігі жолында аянбай еңбек етуге айрықша күш-жігер беретіні сөзсіз.

Республика аумағында «Мөлдір бұлақ» бастамасын жаппай жүзеге асыру қолға алынды. Бұл жоба аясында бұлақтардың көзін ашып, тал егу, жағалаулар мен су айдындарын, аулалар мен саябақтарды тазалау жұмыстары жалғаса береді.

Наурыз мейрамы кезінде қабылданған Жаңа Халық Конституциясында азаматтарымыздың табиғатқа қамқорлықпен қарауы ұлттық дүниетанымымыздың басты қағидатының бірі ретінде айқындалған. Жаңа Халық Конституциясы ел бірлігінің арқауы, рухани және құқықтық бағдарымыз әрі Тәуелсіздігіміздің мызғамыз тұғыры болатыны күмәнсіз.

Ата заңымыз қоғамда дүниетанымымыз бен бітім-болмысымыздың өзегі саналатын ынтымақ, жауапты әрі жасампаз отаншылдық, сондай-ақ «Таза Қазақстан» құндылықтарын қалыптастырады.

«Таза Қазақстан» идеологиялық тұжырымдамасының түпкі мәні көшелерді, аулаларды және айналамызды таза ұстаудан ғана емес, Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыруға бастайтын ниет пен пейілдің тазалығынан көрініс табады.

Отандастарымызды Тазару күнімен құттықтаймын! Қазір табиғат игіліктерін ұқыпты пайдалану және саналы тұтыну жолын таңдаған азаматтарымыздың саны артып келеді. Бұл – жарқын болашағымызға кепіл болатын игі үрдіс. Мен бүкіл халқымызды тазалық пен тәртіп эстафетасына белсене қатысуға шақырамын. Бәріміз күш біріктірсек, елімізді биік белестерге жетелеп, Әділетті, Таза, Өркендеген Қазақстанды құра аламыз.

Баршаңызға амандық және бақ-береке тілеймін!

*Akorda.kz сайтынан*



## КӨКТЕМ, ЖАҢАРУ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІК МЕРЕКЕСІ

Құрметті университет ұжымы, ардақты әріптестер, аяулы ханымдар!

Сіздерді көктемнің шуақты мерекелері – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні және 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні, университетіміздің 25 жылдық мерекесі қатар келеген сәтпен шын жүректен құттықтаймын!

Көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз мейрамы ерекше мейірім мен жылылықтың белгісі. Бұл – асыл аналарымызды, қадірлі ұстаздарымызды, аяулы әріптестерімізді, аяулы жар мен ардақты қыз-келіншектерімізді құрметтейтін күн. Біздің университетімізде білім мен ғылымға, ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосып жүрген нәзік жандылардың еңбегі зор. Сіздердің парасаттылықтарыңыз, жауапкершіліктеріңіз, еңбекқорлықтарыңыз университетіміздің дамуына ғана емес, бүкіл қоғамның өркендеуіне ықпал етіп келеді. Білім мен ғылым саласында аянбай еңбек етіп, талай шәкіртті тәрбиелеп, білімі мен біліктілігін жетілдіруге күш салған барша қыз-келіншектерге зор алғысымды білдіремін. Сіздер – тек білім

ордасының тірегі ғана емес, әр шаңырақтың ұйытқысы, ұлт болашағының тәрбиешісі, ізгілік пен мейірімнің қайнар көзісіздер.

Наурыз айының тағы бір ұлы мерекесі – 22 наурыз. Бұл – ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық мейрам, жанару мен берекенің, ынтымақ пен бірліктің символы. Бұл күн – ұлыстың ұйытқысын арттырып, әр шаңыраққа молшылық пен татулық әкелетін мереке. Наурыз – өткенге салауат айтып, келешекке үмітпен қарайтын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ерекше күн.

Осы мерекелердің қатар келуі – тек табиғаттың ғана емес, адам жанының да жаңарып, жаңғыратын кезеңі. Көктемнің жылуын жүректеріңізбен сезініп, әрбір күніңіз қуаныш пен шаттыққа толы болсын. Ұжымымыздың бірлігі нығайып, ортақ мақсаттарымызға бірге жете берейік!

Бұл мерекелер – мейірімнің, жаңарудың және жетістіктің жарқын белгісі. Баршаңызға шаттық, ырыс, амандық және толағай табыс тілеймін! Шаңырақтарыңыз шаттыққа, жүректеріңіз мейірім мен жылулыққа толы болсын! Мерекелеріңіз құтты болсын! Университет дамып, жасай берсін!

*Ізгі тілекпен,*

*ОМАРОВ Амангелді Жұмағалиұлы  
MTGU президенті, академик*

## MTGU-25 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙЛІ БЕЛЕС

«Білім – ұлт болашағының шамшырағы, ал білім ордасы – сол шамшырақтың мәңгі жанар оты.»

XXI ғасырдың табалдырығын жаңа арман, жаңа міндетпен атаған тәуелсіз Қазақстанда 2000 жылы көлік саласының болашағын білім арқылы қалыптастыруды мақсат еткен жаңа оқу ордасы дүниеге келді.

Міне, елімізге инженерлер жетіспегендіктен, 2000 жылы, Амангелді Жұмағалиұлы Омаров Қазақ қатынас жолдары университетін (ҚКЖУ) ашқан еді. Заман талабына байланысты, бұл жоғары оқу орнын жеке-меншік түрде құруға тура келді. Шын мәнісінде еңбегі, білімі, талабы зая кеткен жоқ. Университет – көлік және коммуникация кәсіпорындары мен экономиканың басқа салаларына бакалавриаттың – 16 түрлі маманын, магистратураның – 9 түрлі маманын, философия докторы Ph(D) – 4 және түрлі маман иесін дайындады. Осынша мамандарды дайындауға арналған студенттер үшін оқу ғимараты №1 (2002 жылы салынды), оқу-зертханалық ғимараты №2 (2006), зертханалық және тәжірибелік жұмыстары мен оқу практикасын өткізуге арналған полигоны (2007), жабық спорт-сауықтыру кешені (2008), 5 қабатты оқу-зертханалық кешені №3 (2010), Шалыпин даңғылында 11 қабатты оқу-зертханалық корпусы №4 (2013) және студенттік жатақхана жұмыс істеп тұр.

«Жол бар жерде – өмір бар, білім бар жерде – өркен бар» дегендей, көлік саласы мен логистика әлемінің күретауыры болған университет аз уақыт ішінде еліміздің жетекші оқу орнының біріне айналды. Оқу ордасының қабырғасынан кәсіби біліммен қатар, еңбекке, елге, жауапкершілікке тәрбиеленген білімді тұлғалар түлеп ұшты. Университет басшысының көреген басшылығы мен табанды еңбегінің арқасында оқу ордасы жаңа кезеңге аяқ басты. Ғалым, ұйымдастырушы, ағартушы ретінде білім мен ғылымның өзара сабақтастығын терең ұғынды. Оның бастамасымен университет құрылымдық тұрғыдан жаңарып, халықаралық байланыстар орнатып, оқу бағдарламаларын әлемдік стандарттарға сай жетілдірді.

ҚКЖУ – Мәскеу, Санкт-Петербург, Новосібір, Ташкенттің ҚЖУ, Сібір МАА-сы, Қырғыз МККЖСУ, Қ.Сәтбаев атындағы ҚҰТУ, ҚБСҚА-сы және басқа ЖОО-ның ғалымдарымен ғылыми, оқу-педагогикалық бірлесіп жұмыс істеу туралы келісім-шарт жасаған. 2008-2009 оқу жылдарында ҚКЖУ атынан қолданбалы ғылыми техникалық университетімен меморандумға Вилдоу қаласы (Германия), Бауман атындағы Мәскеу МТУ, Бонч-Бруевич атындағы Санкт-Петербург МТУ-мен ғылым және білім беру саласында өзара көмек пен бірлесіп жұмыс істеу туралы келісім-шартқа қол қойған.

ҚКЖУ-інде жиырма жылда отыз мың инженерлер, энергетиктер, байланыс-коммуникация, экономистер мен қаржыгер, құрылыс, темір жол құрылыс мамандары диплом алып, теміржол бойында, түрлі салада еңбек етуде.

2023 жыл – университет тарихындағы айрықша белес. Сол жылы оқу орны жаңа атаумен, жаңа мәртебемен – Халықаралық көліктік - гуманитарлық университеті ретінде қайта құрылды. Бұл атау – оның көлік саласындағы кәсіби бағытты гуманитарлық, әлеуметтік және



халықаралық өлшемдермен тоғыстыра алғанының дәлелі.

Университет – көлік және коммуникация кәсіп орындары мен экономиканың басқа салаларына бакалавриаттың – 17 түрлі маманын, магистратураның – 12 түрлі маманын, философия докторы Ph(D) – 2 және түрлі маман иесін дайындауда. Қазіргі таңда бакалавриат бітірген студенттер оқуын магистратурада жалғастыра алады, егер жұмыс жасауды таңдаса университет жұмыспен қамтамасыз ете алады. ҚТЖ, АО Халық банк, ҚазақТелеком компанияларымен 75-80% жұмысқа орналастыру бойынша келісім шарт жасалған. Магистратура бітірген мамандарды 90% жұмыспен қамту шешілген. Сонымен қатар, екінші деңгейлі банктер мен логистикалық компаниялармен де келісім шарттар қарастырылған. Жылына 2000-нан аса бітірушілер біздің университетімізді аяқтап, маман иесі болып шығады.

«Дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысында ғана өркениет өркен жаяды» – осы ұстаным оқу орнының дамуының басты өзегіне айналды. Университет тек техникалық білім берумен шектелмей, студенттерді тұлғалық даму мен рухани биіктікке жетелеуді мақсат етті.

«Білім мен білік – елдің ертеңін айқындайтын қос қанат.» Осы қағиданы ту еткен университет ұжымы мен профессор-оқытушылар құрамы жас ұрпақты елжандылыққа, еңбекқорлыққа, кәсіби шеберлікке баулуды жалғастырып келеді.

Студенттер үшін жатақхана мен спорт кешендерінде жағдайлар жасалынған. Әлем чемпиондары біздің университетте білім алады, спортпен шұғылданады.

Университет "Қазақстанның өнеркәсіптік көлігі" және "Экспресс ТЖ" газет - журналды басып шығарады.

Кітапхана университетпен бірге ашылды, қазір ол қарқынды дамып келеді. Кітапхана қоры университет жарғысынан, оқу үдерісі бойынша жоспарлардан және кафедралар ұсынған әдебиеттерден жасақталды. Студенттерге анықтамалық кітапханалық қызмет көрсетіледі. Кітапханада кеңес беру, мақалалар мен кітаптардың дәстүрлі және электрондық картотекасы арқылы кітаптармен танысуға болады. Заман талабына сай студенттерге барлық мүмкіндіктер жасалуда. Кітапхана-ақпараттық кеңістікті кеңейту мақсатында Республикалық ғылыми-техникалық кітапханамен (РПТК) келісімдер жасаған. Республикалық ЖОО аралық электронды

кітапханамен (РЭКК) келісім-шарт жасалды. IDR MEDIA ресми дистрибуторы «EDR HUB» ТОО-мен де келісім жасалды.

Кітапхананың кітап қоры, мемлекеттік тілде, орыс, шетел тілде 318 908. Рухани жаңғыру және шетел тілінен аударма жасалған кітаптар – 120 түрлі. Кітапханамен барлық оқу корпустары және жатақхана жабдықталған. Студенттердің кітап оқуға деген мүмкіндіктері мол.

Университет тарихында елімізге танымал азаматтар біздің тұлғаларымыз екенін мақтанышымен айта аламыз. Мысалы, ережесіз жекпе - жектен әлем чемпионы Ардақ Назаров және Бейбіт Назаров, боксшы Жанқош Тұраров, Қанат Ислам, әнші, тележүргізуші Жұлдыз Өмірғали, «Алатау серілері» тобының әншісі Жасұлан Сақаев, Қазақстан Республикасының мәжіліс депутаты Ринат Зайтов.

Жастарға мотивация беретін спортшы студенттеріміз біздің ортамызда. Мысалы; еліміздің мақтанышы Тимур Баситов 21 жастағы спортшымыз әлемдік рейтингте 120 - орынға, ал Қазақстан бойынша өз салмағында 1- орынды иеленді. Бейсембек Нұрслам Комбат дэю-дзюцудан 57 кг салмақ дәрежесінде Қазақстан чемпионы атанды. Сонымен қатар, «Автоматандыру және басқару» мамандығының студенті Досымжан Ерланұлы «100 жас есім» престижді жобасының іріктеуінен өтіп, төсбелгімен марапатталды.

Болашағы бар жастар ғылыми ізденіске түсіп, білімін сәтті пайдалануда.

«Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай және күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», - деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай қазіргі заманда да еңбектену қажет.

Қай дәуір болмасын, ұлттың рухани қуаты мен өркениеттік деңгейі оның білім беру жүйесінің биіктігімен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда, Амангелді Жұмағалиұлы Омаровтың бастамасымен іргетасы қаланған бұл киелі шаңырақ – еліміздің көліктік және гуманитарлық саласындағы дамудың символына айналды.

«Білімнің жарығы – мәңгілік. Ол жанған жерде адамдық та, өркен де, үміт те бар».

Университет құрылтайшылары мен басшылары, университеттің 25 жылдық тарихында келелі өзгерістер мен биік белестерді бағындыруда еңбек еткен әрбір қызметкерлері мен профессор – оқытушылар құрамын «MTGU 25 ЖЫЛ» алтын және күміс төсбелгімен марапаттап, алғыс білдірді. Еңбектің жемісін көру деген, адамның өзіне, жастарға мотивация берері анық.

25 жыл – бұл MTGU-дың мерейлі белесі ғана емес, ел болашағына қызмет еткен білім мен парасаттың жарқын көрінісі. Уақыт озса да, білімнің шырағы сөнбейді, ұрпаққа жол сілтеген орданың рухы биіктей береді. Білім ордасының биігі - оның жылдарымен емес, тәрбиеленген тұлғасымен өлшенеді, сондықтан тәрбиелі, саналы ұрпақ тәрбиелеуде табыстар тілеймін!

*Тлегенова Айман Сулейменовна  
«Экспресс ТЖ» газетінің редакторы*

## АМАЛ КЕЛДІ – ЖЫЛ КЕЛДІ: СТУДЕНТТЕР КӨРІСУ КҮНІН ҚАЛАЙ ТОЙЛАДЫ?



Бүгін еліміздің барлық өңірлерінде, соның ішінде біздің университет қабырғасында «Көрісу күні» ерекше салтанатпен аталып өтті. Наурызнама онкүндігінің шымылдығын ашқан бұл мейрам студент жастарды бір арнаға тоғыстырды.

Университетіміздің «Көлік техникасы және машина жасау» кафедрасының профессорлы оқытушы құрамы және студенттері ұлттық киімде Көрісу салтын паш етуде. Жастардың бір – біріне деген ыстық ықыласы мен қазақы сәлемі мерекенің сәнін келтірді.

Университет дәліздерінде қазақтың күмбірлеген күйі төгіліп, ұлттық киім киген студенттер бір – бірімен қауышып жатты. Сабақ арасындағы үзілісте жастар «Бір жасыңмен!» деп амандасып, қазақы дәстүрді жаңғыртты. Бұл шараның басты мақсаты — өскелең ұрпақтың бойында ұлттық кодты сақтау, сыйластық пен бауырмалдықты нығайту.

Мерекелік шараның ең әсерлі сәті — кафедрамыздың ардақты ақсақалы **Курманғалиев Карим Шолпанкулович** студенттермен қауышуы болды. Көпті көрген білікті ұстаз жастарға, Көрісу күнінің тағылымы жайлы айтып, өзінің ақ тілегін арнады: «*Айналайын, балаларым! Көрісу — тек қол алысу емес, бұл — көңілдердің тоғысуы, бауырдың бүтіндігі. Қыстан аман шығып, жаңа жылға қадам басқан осынау шақта біз өткенге ризашылықпен, болашаққа сеніммен қараймыз. Сендер — ұлттық дәстүрді жалғастырушы жас толқынсыңдар. Осы бірліктеріңнен ажырамаңдар. Әрқашан жолдарың ашық, жүздерің жарқын болсын! Бір жастарыңмен!*», деді **Курманғалиев Карим Шолпанкулович** ақсарма көңілмен.

Ақсақалдың батасын алған студенттер қазақы дәстүрге сай «Үлкенге құрмет - кішіге міндет» қағидасын ұстанып, ұстаздарына деген шынайы ілтипаттарын көрсетті. Ұлағатты ұстаздың ақ батасы іс - шараның рухани салмағын арттырып, студенттерге ерекше жігер берді.

Шара барысында студенттеріміз қазақтың кара домбырасымен күмбірлеген күй шертіп, көрерменді өнермен сусындатты. Күйдің күдіреті жиналған қауымға ерекше көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Осындай іс-шаралар университетіміздегі бірлік пен сыйластықтың нығаюына, жас буынның салт - дәстүрді қастерлеуіне жол ашады.

**ЖАРКИНБЕКОВА Сымбат Чырбақызы**  
«КТЭСМС» кафедрасының аға оқытушысы



## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – АДАМГЕРШІЛІКТІҢ АСЫЛ ҚАСИЕТІ

Қазіргі қоғамда қайырымдылық пен мейірімділік ұғымдарының маңызы ерекше. Қайырымдылық – бұл тек материалдық көмек көрсету ғана емес, сонымен қатар адамға көңіл бөлу, жан жылуын сыйлау, қолдау көрсету арқылы оның өміріне үміт пен қуаныш сыйлау. Осындай игі істер қоғамда ізгілік пен бірлікті нығайтып, адамдар арасындағы өзара түсіністік пен сенімді арттырады.

Осы орайда, Қайырымдылық жасау күніне орай кураторлар Маманқызы Ғалия мен Касенбаева Заринаның ұйымдастыруымен «Шаңырақ» әлеуметтік қызметтер орталығында арнайы қайырымдылық шарасы өткізілді. Аталған іс-шараға Логистика және «Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және пайдалану» мамандығының 1-курс студенттері белсенді түрде қатысып, өздерінің әлеуметтік жауапкершілігін жоғары деңгейде көрсете білді.

Шараның басты мақсаты – орталықта қызмет алатын жандарға қолдау көрсету, олардың көңілін көтеру және қоғам тарапынан қамқорлық бар екенін сезіндіру болды. Іс-шара барысында студенттер орталық тұрғындарымен еркін әңгімелесіп, олардың өмірлік тәжірибелерімен танысты. Бұл өз кезегінде жастардың өмірге деген көзқарасын өзгертіп, үлкендерге құрмет көрсету мен адамгершілік құндылықтарды бағалауға үйретті.

Сонымен қатар, студенттер арнайы дайындаған сыйлықтарын табыстап, мерекелік көңіл - күй сыйлады. Жылы сөздер мен шынайы ықылас орталықтағы жандарға ерекше әсер қалдырды. Мұндай кездесулер олардың өміріне қуаныш сыйлап қана қоймай, жалғыз еместігін сезіндіреді.

Іс-шара барысында студенттер тек көмек көрсетіп қана қоймай, өзара қарым - қатынас жасау, адамдарды түсіну, жанашырлық таныту сияқты маңызды өмірлік дағдыларды меңгерді. Бұл – болашақ мамандар үшін аса қажет қасиеттердің бірі. Себебі кез - келген мамандық иесі үшін кәсіби

біліммен қатар, адамгершілік құндылықтар да үлкен рөл атқарады. Кураторлар студенттердің бойында мейірімділік, жауапкершілік және белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру мақсатында осындай тәрбиелік мәні зор шараларды үнемі ұйымдастырып келеді. Бұл өз кезегінде жастардың рухани дамуына, қоғамға пайдалы тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

«Шаңырақ» әлеуметтік қызметтер орталығы – ерекше күтімді қажет ететін жандарға қызмет көрсететін мекеме. Мұндай орындарға барып, көмек көрсету – әрбір азаматтың парызы. Студенттердің бұл шараға қатысуы олардың тек білім алумен шектелмей, қоғам өміріне белсенді араласатынын көрсетеді.

Қайырымдылық шаралары – жастар тәрбиесінің маңызды бөлігі. Олар жастардың бойында ізгілік, жанашырлық, төзімділік сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Сонымен қатар, мұндай іс - шаралар қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге бей - жай қарамауға, айналадағы адамдарға көмек қолын созуға үйретеді.

Қорытындылай келе, «Шаңырақ» әлеуметтік қызметтер орталығында өткен қайырымдылық шарасы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушыларға үлкен әсер қалдырды. Студенттер үшін бұл тек бір күндік шара емес, өмірлік тәжірибе мен маңызды сабақ болды. Осындай игі істер алдағы уақытта да жалғасын тауып, жастардың жүрегінде мейірімділік пен адамгершілік қасиеттерін одан әрі дамыта беретіні сөзсіз

**МАМАНҚЫЗЫ Ғалия**  
«Көлік қозғалысын ұйымдастыру, басқару және логистика» кафедрасының аға оқытушысы

## ШАҢЫРАҚ – ҚАЗАҚТЫҢ МӘНГІЛІК СИМВОЛЫ

Қазақ үшін шаңырақ – жай ғана киіз үйдің төбесі емес. Ол – бүкіл әулеттің, ұрпақтардың, отбасының орталығы. Шаңырақ биік тұрса, үйде береке бар, ұрпақ жалғасады, татулық сақталады деген ұғым бар. «Шаңырағың биік болсын» деген бата – қазақтың ең қымбат тілегінің бірі. Осы идеяны бүгінгі күнге жеткізіп, жаңғыртып отырған мереке – Шаңырақ күні.

Бұл күн Қазақстанда Наурыз мерекесінің жаңа түрі – Наурызнама онкүндігінің құрамында тойланады. Наурызнама 14 - наурыздан 23 - наурызға дейін жалғасады. Ал Шаңырақ күні әдетте 16 - наурызға келеді. Қазір, «неге шаңырақ соншалық маңызды?», деген көкейтесті сұрақтар туындауы мүмкін ғой.

Ал, Шаңырақ – отбасының тірегі. Оны көтеру – жаңа отау құрудың, некенің бастауының рәсімі.

Ежелгі дәстүрде жас жұбайларға үлкен ата - әжелер, ел ағалары, ағайын туыстары жиналып, шаңырақты бірге көтеріп, бата берген. Бұл – жаңа отбасының берік негізін қалаудың ірге тасы болған. Шаңырақ арқылы аспанмен байланыс бейнеленеді: дөңгелек түрі – мәңгілікті, биіктік – ұмтылысты, тұрақтылықты білдіреді.

Қазақта «Шаңырағың шайқалмасын», - деген сөз отбасының амандығын, бақытты өмірін тілеудің ең жоғары түрі. Шаңырақ күні – бұл мереке ғана емес, ойланатын күн. Бүгінгі қоғамда отбасы институты әлсіреп бара ма? Жастар некеге немқұрайлы қарап, ажырасу, ортақ тіл табыса алмай, баланың психологиясына кері әсерлер болып, ата - әжеге, үлкен кісілерге құрметпен қарау ақсап барады. Осы сұрақтарға жауап іздеу – осы күннің басты мағынасы. Қазіргі уақытта Шаңырақ күні – жалпыұлттық деңгейде отбасылық құндылықтарды насихаттайтын мерекенің бірі. Оның мақсаты мынандай:

Жас ұрпаққа патриотизммен, адамгершілікті, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді сіңіру.

Отбасы ішінде өзара құрметпен,

сүйіспеншілікті, түсіністікті нығайтып, ұрпақтар арасындағы байланысты сақтау және дәстүрді жалғастыру болады.

Қоғамдағы бірлік пен берекені арттыру да маңызды іс-шара болады.

Бұл күнде, әр отбасы өз шаңырағының беріктігіне ойланып, ата - әжелермен, балалармен бірге уақыт өткізіп үлкендерден бата алып, қазақтың дәстүрлі тағамдарын әзірлейтін мереке.

Отбасы – мемлекеттің шағын үлгісі, ал шаңырақ биік болса, ел де мықты болады.

16 - Наурыз Шаңырақ күніне орай, «Бизнес және басқару» кафедрасының ұжымы мен студенттері үшін шынайы жылылыққа, ұлттық рухқа және шығармашылыққа толы ерекше күн болды. Ұстаздардың қамқорлығымен жайылған мол дастархан, дәстүрлі тағамдардың дәмі, студенттердің ән - күйі мен биі – осының бәрі шаңырақтың мәңгілік символы ретіндегі береке - бірлікті, отбасылық махаббатты және ұрпақтар сабақтастығын тағы бір рет жүрекке жеткізді.

Бұл шара жай мереке тойлаумен шектелмеді: ол ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани жақындықты нығайтты, жастарға ата - баба дәстүрлерін теренірек сезінуге, отбасы құндылықтарын қадірлеуге және болашақта өз шаңырақтарын осындай жылулықпен, сыйластықпен құруға шабыт берді. Кафедра ұжымының ұйымдастырушылық шеберлігі мен студенттердің белсенділігі арқасында өткен бұл күн әркімнің есінде ұзақ сақталатын жылы естелікке айналды.

Шаңырақтарыңыз биік болсын,  
Отбасыларыңыз берекелі,  
Ұрпақтарыңыз аман-есен өссін!

Наурыз құтты болсын!

**БИГАЛИЕВА Шынар Аукенқызы**  
«Бизнес және басқару» кафедрасының  
аға оқытушысы, магистрі





## ЖЫЛ БАСЫ – ҰЛТТЫҢ ЖАҢАРУ СИМВОЛЫ

Қазақ халқы үшін жыл басы ерекше мәнге ие ұғымдардың бірі болып табылады. Дәстүрлі дүниетанымда жыл басы табиғаттың жаңаруымен, көктемнің келуімен және адамдар арасындағы татулық пен бірліктің нығаюымен байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, жыл басы ретінде кеңінен тойланатын мереке – **Наурыз**. Бұл мейрам ғасырлар бойы халықтың өмір салтымен, мәдениетімен және рухани құндылықтарымен тығыз байланыста қалыптасқан.

Наурыз – шығыс халықтарына ортақ көне мерекелердің бірі. «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Табиғат заңдылығына сәйкес, 22 наурыз күні - күн мен түн теңеледі. Дәл осы кезең табиғаттың жаңарып, тіршіліктің қайта жандануын білдіреді. Сондықтан да қазақ халқы бұл күнді жаңа жылдың бастауы, яғни жыл басы деп қабылдаған.

Жыл басын қарсы алу дәстүрі халқымыздың өмірінде үлкен тәрбиелік және әлеуметтік маңызға ие. Ежелден бұл күні адамдар үйлерін тазалап, ауласын ретке келтіріп, жаңа жылды таза ниетпен қарсы алуға дайындалған. Көрші - қолаң, туыс - туған бір - бірінің үйіне барып, ақ тілектерін айтып, өкпе - ренішті ұмытып, жаңа жылды ынтымақпен бастаған. Бұл дәстүр қоғамдағы татулық пен өзара құрметтің нығаюына ықпал етеді.

Наурыз мерекесінің басты рәміздерінің бірі – **Наурыз көже**. Бұл тағам жеті түрлі дәмнен дайындалады. Қазақ мәдениетінде жеті саны қасиетті сан ретінде қабылданады және молшылық пен берекенің белгісі болып саналады. Наурыз көжеден дәм тату – жаңа жылда тоқшылық пен амандық болсын деген ізгі ниетті білдіреді.

Сонымен қатар, мереке күндері ұлттық салт - дәстүрлер мен ойын - сауық шаралары ұйымдастырылады. Алтыбақан құрылып, жастар ән айтып, ұлттық ойындар ойналады. Үлкендер

бата беріп, жас буынға ақыл - кеңес айтады. Бұл дәстүрлер ұрпақ сабақтастығын сақтап, ұлттық мәдениеттің жалғасуына мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Наурыз мейрамы тек ұлттық дәстүр ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамды біріктіретін маңызды мәдени құбылысқа айналып отыр. Әсіресе жастар арасында ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықтың артуы осы мерекенің маңызын одан әрі арттыра түседі. Университеттерде, білім беру мекемелерінде және қоғамдық ұйымдарда Наурыз мейрамына арналған мәдени іс - шаралар өткізіліп, ұлттық дәстүрлер кеңінен насихатталады.

«КАЖЭ» кафедрасының ұйымдастыруымен, университетімізде Наурыз мерекесін атап өттік. Наурыз мерекесін ұйымдастыру студенттер мен профессор - оқытушылар құрамының байланысын нығайта түсіп, өнерлі студенттеріміз белсенділігін көрсетіп іс - шараға үлес қосты. Жыл басы - Наурыз мерекесін насихаттау барысында қазақтың тұсаукесер салт - дәстүрімен таныстырып, МТГУ ректоры Әуезхан Тұрдалыұлына жас бүлдіршінің тұсауын кестіріп, ақ батасын алдық. Қара жорға бін мұң бұралып билеп, көпшілікті билеуге шақырдық мерекелік көңіл күймен қатар, тәрбиелік маңызы бар құндылықтарымызды дәріптедік. Көңілді сәтте ән айтылып, қазақтың қара домбырасының құдіреттілігін паш етіп, оркестрдың орындалуымен бірнеше күй тартылды. Қазақтың кең пейілі мен дәстүрін насихаттай отырып, университет кафедраларының ұйымдастыруымен дастархан жайылып, қонақтар дәмнен ауыз тиді.

Қорытындылай келе, жыл басы – тек жаңа күнтізбелік кезеңнің басталуы ғана емес, ол халықтың рухани жаңаруын, бірлігі мен ынтымағын білдіретін маңызды мереке. Наурыз арқылы қазақ халқы өзінің бай мәдени мұрасын сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізуді мақсат етеді. Сондықтан жыл басы – өткен мен бүгінді жалғап, болашаққа үміт сыйлайтын ерекше мереке.

**Құрметті Халықаралық көліктік – гуманитарлық университетінің ұжымы!** Сіздерді жыл басы – **Наурыз** мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, шығармашылық шабыт және жаңа жетістіктер тілейміз. Университетіміздің дамуы мен өркендеуі жолындағы еңбектеріңіз әрдайым жемісті болсын. Әрбір бастамаңыз сәтті жүзеге асып, білім мен ғылым жолындағы еңбектеріңіз жоғары бағалансын.

**ОРАЛБЕКОВА Аяулым Оралбековна**  
«КАЖЭ» кафедра меңгерушісі, доктор PhD, ассоц. профессор

## МӘДЕНИ МҰРА ЖӘНЕ РАМАЗАН – РУХ ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Әр халықтың болмысын айқындайтын ең басты құндылығы – оның мәдени мұрасы. Ғасырлар бойы қалыптасқан салт - дәстүр, әдет - ғұрып, тіл мен дін – ұлттың рухани тірегі. Ал қасиетті Рамазан айы – адам жанын тазартып, жүрекке иман ұялататын ерекше кезең. Осы екі құндылық тоғысқанда, рухани кемелденудің берік негізі қаланады. Мәдени мұра – ұлттың рухани қазынасы. Мәдени мұра – ата - бабадан аманат болып жеткен асыл қазына. Қазақ халқы үшін қонақжайлық, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу, жетім - жесірді жылатпау – ұлттық тәрбиенің алтын арқауы. Домбыра үні, жыр - дастандар, салт - дәстүрлер – бәрі де халықтың рухани әлемін байытады. Ұлттық құндылықтарды сақтау – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа бағдар. Себебі рухы мықты елдің іргесі берік болады.

Мәдени мұра ұлттың бірегейлігін сақтап, қоғамдағы татулық пен сыйластықты нығайтады. Рамазан – жүрекке нұр, жанға тазалық. Рамазан айы – сабыр мен шүкіршіліктің, мейірім мен кешірімнің айы. Ораза ұстау арқылы адам нәпсісін тәрбиелеп, рухани тұрғыдан тазарады. Бұл айда жасалған әрбір игі іс – сауапқа толы амал. Ауызашар беру, садақа жасау, мұқтаж жандарға көмек көрсету – қоғамда қайырымдылық пен бауырмалдықты арттырады.



Рамазан – тек ішіп - жеуден тыйылу емес, жаман сөзден, орынсыз әрекеттен аулақ болу, жүректі тазарту. Рух тазалығы – қоғам беріктігінің кепілі. Мәдени мұра мен Рамазан айының үндестігі – рух тазалығының айқын көрінісі. Қазақы тәрбиедегі адалдық, ұят, арнамыс, имандылық секілді қасиеттер ислам құндылықтарымен астасып жатыр. Бұл сабақтастық халықтың рухани тұтастығын сақтауға ықпал етеді. Қоғамның беріктігі – әр адамның ішкі тазалығына байланысты. Егер әрбір азамат өз болмысын сақтап, жүрегін ізгілікке бағыттаса, ел ішінде бірлік пен береке орнайды. Мәдени мұра – ұлттың жаны, ал Рамазан – рухтың нұры. Осы екі құндылық бір арнада тоғысқанда, адам баласы рухани кемелдікке ұмтылады. Ұлттық дәстүрімізді құрметтеп, қасиетті айдың мәнін терең түсіну – рух тазалығының берік негізі болмақ. Рухы таза ұрпақ – болашағы жарқын елдің кепілі.

**АБДРАХМАНОВА Назым Нұрқасымқызы**  
«Көлік құрылысы, көпірлер мен тоннельдер» кафедрасы  
техникалық ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

## НАУРЫЗ - ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТАУЫ

Жаңару күні – бұл жаңа өмірдің бастауы. Табиғат жаңарып, әлем нұрға толады. Көктем келгенде, адамдар да сергектік пен қуанышқа бөленеді. Бұл күні біз жаңа мақсаттар қойып, өмірімізді жақсы жаққа өзгертуге тырысуымыз керек. Жаңару – тек сыртқы емес, ішкі тазалық. Егер әр адам жүрегіне жылылық ұялатып, айналасына мейіріммен қараса, өміріміз әлдеқайда жарқын болмақ. Сол себепті, бұл күн – тек табиғаттың емес, ойларымыздың, әрекеттеріміздің, болашаққа деген сеніміміздің жаңару күні.

Көктем – бұл жай ғана мезгіл ауысуы емес, бұл – табиғаттың жаңа парақ ашуы. Қыстың аязы мен қалың қары артта қалып, жер беті жандана бастағанда, біз де іштей өзгеріске ұмтыламыз. Жаңару күні – дәл осы үрдістің символы, өткеннен сабақ алып, болашаққа сеніммен қадам басатын сәт. Жаңару – өсудің бірден - бір жолы. Қыс бойы жиналған рухани шаң-тозаңды сүртіп, жаңа мақсаттар қою үшін бізге арнайы серпін керек. Жаңару күні – сол серпінді беретін тамаша кезең болып табылады. Жаңарудың негізгі бағыттары: Ой-сананы тазарту: Ескі реніштерді, қажетсіз уайымдарды және өткен қателіктерді жүк етіп арқалаудың қажеті жоқ. Жаңару – кешірім жасап, сананы босатудан басталады. Дене мен кеңістікті жаңарту: Тұрмыстағы артық заттардан арылу, үй ішін ретке келтіру – энергия ағынын жақсартады. Бұл қарапайым көрінгенмен, психологиялық тұрғыдан өте тиімді. Мақсаттарды қайта қарау: Қыста жоспарлаған дүниелер көктемдегі жаңа мүмкіндіктермен үйлесе ме? Жаңару күні – бағытыңызды нақтылап, алғашқы қадамдарды жасауға қолайлы уақыт. Дәстүр мен заманауилықтың тоғысуы бола алады. Біздің мәдениетімізде Наурыз мерекесімен байланысты жаңарудың терең тамыры бар. Бұл – ескі жылды шығарып салып, жаңасын қарсы алу, ренжіскендердің татуласуы, жақсылыққа ұмтылу. Бүгінгі таңда бұл дәстүрді заманауи форматта – өзіңізді жетілдіру және экологиялық сананы қалыптастыру арқылы жаңғыртуға болады.

Қыстың қалың киімін шешкенде, іштей де ауыр ойлардан арылу керек. Күн нұры төгілген сайын, жүрегіміз де жарыққа толуы тиіс. Жаңарудың ең алғашқы шарты – өткеннің ауыр жүгін тастау. Көп жағдайда біз ескі реніштер, орындалмаған армандар мен қателіктердің кесірінен алға жылжи алмаймыз. Өткен шақ – біз үшін тәжірибе, бірақ ол біздің болашағымызды басқаратын тізгін болмауы тиіс. Жаңару күні – ішкі "үй жинау" жасайтын сәт. Жүрегіміздегі кекті кешіріммен алмастырып, көңілге кірбін түсірген ойларды сыпырып тастағанда ғана, біз жаңа энергияға орын босатамыз. Бұл – жеңілдеу, еркіндікке қадам басу. Жаңару тек рухани емес, сонымен қатар физикалық тұрғыда да көрініс табуы керек. Тұрмыстағы артық заттар – санамыздағы артық ойлардың көрінісі. Үйіміздегі, жұмыс орнымыздағы ретсіздік ойымызды да шашыраңқы етеді. Сондықтан, жаңару күні – тазалық күні. Айналаңызды тазалау арқылы сіз өз ойларыңызды да ретке келтіресіз. Психологиялық тұрғыда жаңару – өзіңізге деген көзқарасты жақсарту. "Мен неге қабілеттім?", "Менің өмірімнің мақсаты не?" деген сұрақтарды өзіңізге жаңаша қойып көріңіз. Көктемгі жаңбыр жерді қалай тазаласа, сіз де өз сенімдеріңізді "жуып", ескірген, сізге кедергі келтіретін түсініктерден арылыңыз. Адам – қоғамдық тіршілік иесі. Жаңару күні – жақындарымызбен, достарымызбен қарым-қатынасымызды жақсартатын сәт. Көптен хабарласпаған жандарға жақсы сөз айту, татуласу, жаңа таныстықтарға ашық болу – біздің әлеуметтік жанымызды байытады. Жақсылық жасау – энергияның ең таза түрі. Өзеге көмектесу немесе жағымды эмоция сыйлау арқылы біз өзіміз де рухани биіктік түсеміз. Көп адамдар "жаңару" дегенде бір күнде өмірдің түбегейлі өзгеруін күтеді. Алайда, нағыз жаңару – бұл күнделікті жасалатын кішкентай қадамдар. Таңертең ерте тұру, дұрыс тамақтану, жаңа кітап оқу немесе кешке күнделік жазу – осының бәрі жаңарудың бөлшектері. Жаңару күні – тек осы үрдістің символикалық

бастамасы ғана. Ол сізге бағыт береді, ал сол бағытта жүру – өз еркіңізде.

Наурыз – табиғаттың түлеп, жер бетінің жаңаратын ерекше мерекесі. Қазақ халқы бұл мейрамды тек бір күн ғана емес, бірнеше күнге жалғасатын Наурызнама ретінде атап өткен. Сол күндердің бірі – Жаңару күні. Бұл күннің басты мағынасы – жаңару, тазалық және жаңа бастамаларға қадам жасау. Жаңару күні адамдар өткен жылға есеп беріп, жаңа мақсаттар қояды. Үйлерін тазалап, айналасын ретке келтіріп, табиғатпен үндестікте өмір сүруге ұмтылады. Бұл күн – тек табиғаттың ғана емес, адамның да рухани жаңаратын сәті. Адамдар бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, өкпе-реніштерін ұмытып, татулық пен сыйластықты нығайтады. Қазақ халқы ежелден Наурызды жақсылықтың бастауы, молшылық пен берекенің белгісі деп санаған. Жаңару күні осы құндылықтарды дәріптеп, адамдарды бірлікке, ізгілікке және үмітке шақырады. Табиғатпен бірге адамның да жан дүниесі жаңарып, жаңа өмірге қадам басқандай болады. Бүгінде Жаңару күні ұлттық дәстүрлерді жаңғыртып, жастарға салт-дәстүрді насихаттауға мүмкіндік береді. Бұл күн – өткенді құрметтеп, болашаққа сеніммен қараудың белгісі. Сондықтан Наурызнамадағы Жаңару күні – тазалықтың, жаңарудың және жақсылыққа ұмтылыстың символы болып табылады.

Қорыта айтқанда, жаңару күні – әр адамның өз ішіндегі "Көктемді" оятағын, қателіктерден сабақ алып, өсуге құлшыныс білдіретін сәт. Табиғаттың заңы өзгеріссіз: қыстан кейін міндетті түрде жаз келеді. Сол секілді, сіздің де өміріңіздегі қиындықтар артта қалып, жаңа бастамалардың гүлі жайқалатынына сеніңіз. Өзіңізді жаңартыңыз, өйткені әлем сіздің жарығыңызға мұқтаж болып табылады.

**САРКЕЕВА Гульнара Токаевна**  
Жалпы білім беру бөлімінің әдіскері,  
тарих пәнінің педагогы

## Национальная одежда казахов: традиции, символика и культурное значение

Национальная одежда казахского народа является важной частью материальной и духовной культуры Казахстана. Она формировалась на протяжении многих веков под влиянием природно-климатических условий, кочевого образа жизни и богатых традиций народа. Казахская одежда отличалась практичностью, удобством и в то же время отражала социальный статус, возраст и семейное положение человека. Сегодня национальный костюм рассматривается не только как элемент исторического наследия, но и как символ национальной идентичности.

Одной из характерных особенностей казахской национальной одежды является использование натуральных материалов. В древности одежду изготавливали из шерсти, кожи, меха, а также тканей, полученных из хлопка и шелка. Широко применялись такие материалы, как войлок, сукно и бархат. Для украшения одежды использовались вышивка, аппликация, металлические украшения, а также орнаменты, имеющие символическое значение. Традиционные узоры отражали представления казахского народа о мире, природе и гармонии.

Мужская национальная одежда состояла из нескольких основных элементов. Одним из наиболее распространенных видов одежды был шапан - длинный халат свободного покроя, который носили поверх другой одежды. Он мог быть как повседневным, так и праздничным и часто украшался декоративной вышивкой. В холодное время года мужчины носили тон — шубу из овчины или меха. Важным элементом мужского костюма был головной убор. Наиболее известными являются такие - небольшая вышитая шапочка, а также борик - тёплый меховой головной убор. Дополняли костюм широкие штаны и кожаные сапоги.

Женская национальная одежда отличалась особой красотой и разнообразием. Женщины носили

длинные платья из шелка, бархата или хлопка, которые украшались вышивкой и орнаментами. Поверх платья часто надевали камзол - приталенную безрукавку или жилет. Особое значение имели головные уборы. Например, саукеле - высокий свадебный головной убор невесты - являлся настоящим произведением искусства и украшался драгоценными камнями, серебряными подвесками и мехом. Замужние женщины также носили кимешек - головной убор, закрывающий голову, шею и плечи.

Национальная одежда казахов выполняла не только практическую, но и символическую функцию. Орнаменты и декоративные элементы могли указывать на возраст, семейное положение и социальный статус человека. Например, богатая отделка и дорогие ткани использовались в одежде представителей знатных родов, тогда как повседневная одежда простых людей была более скромной.

В современном Казахстане интерес к национальной одежде значительно возрос. Традиционные элементы казахского костюма используются в современной моде, на национальных праздниках, культурных мероприятиях и торжественных церемониях. Дизайнеры активно обращаются к традиционным орнаментам, фасонам и материалам, создавая современные интерпретации национальной одежды.

Таким образом, национальная одежда казахов является важным культурным наследием, отражающим историю, традиции и эстетические представления народа. Сохранение и популяризация национального костюма способствуют укреплению национальной идентичности и передаче культурных ценностей будущим поколениям.

**ЕРКЕЛДЕСОВА Г.Т.**  
Заведующий кафедрой «КТиТ»

# ЖАСТАР БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ: International University of Transport and Humanities



**Nauryz is when spring begins not only in nature, but also in the soul.**

Every year, with the arrival of spring, there comes a special time in

Kazakhstan — the Nauryz holiday. It is celebrated on the days of the vernal equinox, when day and night become equal. But Nauryz is not just a date. It's the mood, the atmosphere, and the feeling that something new is starting.

After a long winter, people especially feel the changes: it gets warmer, the snow melts, and the first rays of a truly spring sun appear. And along with nature, man himself seems to "wake up". That is why Nauryz has been considered the beginning of a new year since ancient times — a time of renewal and hope.

Preparing for the holiday is already part of the tradition. People are cleaning houses, throwing away extra things, putting things in order. But that's not all that matters. It is believed that during this period you need to "purify" yourself inside: let go of resentments, make peace with your loved ones, try to start everything from scratch. There is a special meaning in this — not to drag the old into a new life.

One of the most recognizable symbols of the holiday is Nauryz kozhe. It's not just a dish, but a whole story in one cup. It is made from seven ingredients, and each of them means something: health, prosperity, strength, wisdom. When people treat each other, it's not just food — it's a wish for goodness and well-being.

In the days of Nauryz, cities seem to come alive. Yurts are appearing on the streets, music is playing, concerts and national games are taking place. People

are walking, meeting, smiling at each other. Even strangers can congratulate you, and it feels completely natural. At such moments, you especially feel unity and warmth.

There are also touching traditions. For example, rituals related to children are often held on this day as a symbol of a new beginning. Or the elders give their blessings to the younger ones, wishing them a safe journey. All this makes the holiday not just fun, but truly emotional.

Today Nauryz is celebrated not only in Kazakhstan. This holiday is known and loved in many countries, and it is even recognized internationally by UNESCO. But despite this, it remains something personal for every person.

Nauryz is a little more than just a weekend for students. It's time to exhale, be with your family, and remember your roots. In the rush of studying and daily activities, it is easy to forget about simple but important things — traditions, communication, inner state. And this holiday seems to remind you: stop, look around and start over. Perhaps the main thing in Nauryz is not the scale of the celebration, but its meaning. This is a day when you want to become a little kinder, more attentive to others, more honest with yourself. When there is a feeling that something good is ahead.

And that is why Nauryz remains so important. Because it's about spring — not only outside the window, but also inside us.

*Kaiynbekova Symbat, 1 course,  
Business and management*

Spring is a time when nature is renewed and life begins to revive. The arrival of spring has a special meaning for the Kazakh people. Among them, Day of Reunion, which is celebrated on March 14, is one of the ancient traditional holidays of our people. This day is widely preserved in the West Kazakhstan region, and today it has revived throughout the country and is celebrated as a national value. Day of Reunion is a special day when people greet each other, forget past grievances, and welcome the New Year with good intentions.

Day of Reunion is also known as the "Holiday of Action" among the people. This holiday is closely related to the beginning of the Nauryz holiday. Since ancient times, the Kazakh people have welcomed the arrival of spring and the beginning of the new year with great joy. Having survived the long and difficult winter, people met each other, asked for well-being and wished each other well-being. Therefore, Day of Reunion is, first of all, a holiday that expresses people's respect for each other and harmony.

On this day, people get up early and go to the homes of close relatives, neighbors, and elders to greet them. When they meet, they greet each other with two hands and say warm words like "Happy Birthday!", "Happy New Year!", "Happy New Year!" These words mean that another year has been added to a person's life, and they wish them long life and happiness. Elders bless the young and say good wishes. Respect and honor between people increase.

The Day of Meeting is not only about greetings, it is a day to show people's care and kindness towards each other. On this day,

## March 14 – Day of Reunion

people make peace with those they have offended in the past and forget their grievances. The Kazakh people believe that "May the grievances of the old year not pass into the new year." Therefore, on the Day of Meeting, people try to forgive each other and start the new year with a clean heart. This tradition strengthens the unity of the people and helps to increase harmony in society.

On the holiday, a table is laid and national dishes are prepared. In addition, traditional dishes such as boursak, kumys, and shubat are served. Show respect and care for guests who come to the house. The Kazakh people are hospitable people, on this day, special respect is shown to everyone who comes to the house. On the day of the meeting, people ask about each other's well-being, rejoice in their well-being, tell good stories, and have a good time.

The day of the meeting is also a special manifestation of respect for elders. Young people first go to the oldest place in the village or family and greet them. Elders give advice and blessings to the young. Receiving the blessing of elders is a very important tradition for the Kazakh people. It is believed that good, prosperity, and well-being come to a person with a blessing. Because on the day of the meeting, receiving the blessing of elders and hearing good wishes is a great happiness for young people.

This holiday also has great educational significance. Through the day of the meeting, the younger generation is taught national

values such as respecting elders, strengthening friendly relations, and respecting people. Today, it is very important to promote this tradition among young people. National customs and traditions support the culture and spiritual wealth of the people.

Nowadays, the Day of Reunion is widely celebrated not only in rural areas, but also in cities. Events dedicated to this holiday are held in schools, universities and various cultural organizations. Concerts, exhibitions, national games are organized, and the people are given a festive mood. These events help to increase the growth of young people in national traditions.

The Day of Reunion is a special holiday of unity and friendship of the people. On this day, people not only greet each other, but also express their good intentions, give kindness and warmth. Unity and harmony are one of the most important values for the Kazakh people. The Day of Reunion is a holiday that glorifies these values, brings people closer together.

In short, March 14 - the Day of Reunion is one of the ancient traditions of the Kazakh people. This new holiday allows people to meet each other, wish each other well, and welcome the new year in a good mood. The Day of Reunion calls on people to be kind, peaceful, and respectful. Therefore, preserving this tradition and passing it on to future generations is our duty. Meeting Day is an important part of our national culture and a special celebration of the spiritual wealth of our people.

*Student of group TC-25: Adilzhakyz Akerke  
English teacher: Auezbayeva Gulnur*

## ИНЖЕНЕРЛІК ШЕБЕРЛІК: КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІ VR БАЙҚАУДА БАҚ СЫНАДЫ

Алматы қаласы мен Алматы облысының техникалық колледждерінің студенттері арасында «Токарь станогының құрылымы мен жұмысын цифрлық кеңістікте зерделеу» тақырыбында VR (виртуалды шындық) технологиясы негізінде бірегей инженерлік байқау өтті. Іс - шараны ұйымдастырушы ретінде Сәтбаев университетінің Энергетика және машина жасау институтының «Машина жасау» кафедрасы танылды.

Байқаудың негізгі мақсаты ретінде техникалық және инженерлік мамандықтарға деген жастардың қызығушылығын арттыру, заманауи цифрлық технологияларды, атап айтқанда VR-технологияларды пайдалана отырып, машина жасау және металл өңдеу салаларында кәсіби құзыреттілікті дамыту көзделген. Бұл жоба білім беру процесінде инновациялық әдістерді енгізу бойынша кешенді жұмыстың бір бөлігі ретінде танылып отыр.

Байқауға Алматы қаласы мен Алматы облысының техникалық бағыттағы колледж студенттері қатысты. Олардың қатарында Алматы техника - экономикалық қатынас жолдар колледжінің ЛОКБ 25/9-2 тобының бірінші курс студенттері – Шаншарбек Әсет Жасұлаңұлы, Зейнел Нұрлан Дәренұлы және Ермекұлы Ерасыл өздерінің білімдері мен дағдыларын көрсетті. Қатысушыларды дайындауда жетекшілер – Нұрпейсова Рауан Жаналадинқызы, Жексембаева Қыз Жібек Саламатқызы және Тойшибекова Калимаш Сайлаубековна студенттерді



байқауға дайындап, кәсіби бағытта жол көрсетті.

Байқау бағдарламасы екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар DMG DMU 50 станогында VR - очкилерді пайдаланып, іске қосу және реттеу жұмыстарын жүргізіп, берілген бөлшекті дайындады. Екінші кезеңде студенттер DMG CTX 510 станогында конусты редуторды жинау тапсырмасын орындады.

Барлық жұмыстар виртуалды ортада жүргізіліп, қатысушылар өздерінің кәсіби машықтарын қауіпсіз әрі заманауи цифрлық ортада көрсету мүмкіндігіне ие болды. Қатысушылардың жұмыс сапасы мен жылдамдығын тәжірибелі оқытушылардан құралған қазылар алқасы бағалады. Алқа құрамына кіргендер:

- Төраға: Е.З. Нұғман («Машина жасау» кафедрасының меңгерушісі)
- Хатшы: А.М. Дүйсенғали (кафедраның оқытушысы)
- Мүшелер:
  - М.Ф. Керімжанова (кафедраның қауымдастырылған

профессоры)  
- Ж.Н. Әбілқайыр (кафедраның қауымдастырылған профессоры)  
- Б.Б. Базарбай (кафедраның оқытушысы)

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер Satbayev University атынан дипломдармен, сертификаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Барлық қатысушылар арнайы қатысушы сертификаттарына ие болды.

VR форматындағы осындай байқаулар техникалық білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды енгізудің тиімді тәсілі ретінде танылып отыр. Олар студенттерге өндірістік процестерді заманауи цифрлық кеңістікте үйренуге, қауіпсіз жағдайда тәжірибе жинақтауға және болашақ инженер ретінде кәсіби біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Алматы техника - экономикалық қатынас жолдар колледжі студенттерінің бұл байқаудағы белсенді қатысуы оқу орнының техникалық білім сапасын арттыруға, жаңа технологияларды меңгеруге бағытталған табысты жұмысының айғағы болып табылады.

Бұл іс-шара Индустрия 4.0 жағдайында білім беру сапасын арттыру және бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бойынша кешенді жұмыстың бір бөлігі ретінде ерекше маңызға ие.

**НУРПЕЙСОВА Рауан Жаналадинқызы**  
*«Алматы техника-экономикалық қатынас жолдары колледжі» ЖШС Информатика пәнінің педагогы*